# . 2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША 1- СЫНЫП ЖЕТЕКШІСІ ЖЕЛДИБАЕВА МАРФУГА БАКТЫГУЛКЫЗЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫ ЕСЕБІ

2022-2023 оқу жылында 1- сыныпта барлығы -7 оқушы болды. Оның төртеуі ұл,үшеуі қыз. Осы оқушылардың үшеуі-толық отбасында,төртеуі –толық отбасында тәрбиеленуде. Осы оқу жылында бірінші ауысым уақытымен оқыды,себепсіз сабақтан қалған оқушы болмады.

Оқу жылының басында жыл бойы жүргізілетін тәрбие жұмысының жоспары жасалып, мектеп директорымен тәрбие ісі-жөніндегі орынбасарымен бекітілді.

Жылдық жоспармен жұмыс жасар кезде төмендегідей нормативтік – құқықтық құжаттарды басшылыққа ала отырып, жұмыс жасадық .

-ҚР АТА ЗАҢЫ

-ҚР БІЛІМ ТУРАЛЫ ЗАҢЫ

-БАЛА ҚҰҚЫҒЫ ТУРАЛЫ» конвенция

-«БАЛАЛАРДЫ ДЕНСАУЛЫҒЫ МЕН ДАМУЫНА ЗАРДАБЫН ТИГІЗЕТІН АҚПАРАТТАН ҚОРҒАУ ТУРАЛЫ» ҚР ЗАҢЫ

-НЕКЕ ЖӘНЕ ОТБАСЫ ТУРАЛЫ ЗАҢЫ

Сонымен қатар ғылыми-әдістемелік және ақпараттық құралдармен жұмыстандық.

- РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ БАҒДАРЛАМАСЫ.МӘҢГІЛІК ЕЛ БАҒДАРЛАМАСЫ.
- ҚР БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМДЫ ДАМЫТУДЫҢ 2020-2025 БАҒДАРЛАМАСЫ.
- 2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛЫҚ ХАТ

**Осы оқу жылында 1- сынып бойынша 35 аптаға негізделіп,аптасына 1 сағаттан тәрбие сағатының жоспары құрылды. Құрылған тәрбие сағаттары төмендегідей бағыттарда өткізілді.**

| **Бағыттар** | **Өтілген тәрбие сағаттары саны:** |
|---|---|
| Рухани -адамгершілік тәрбие | 4 |
| Ұлттық тәрбие | 6 |
| Жаңа Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тірбиелеу,құқықтық тәрбие | 5 |
| Отбасылық тәрбие | 3 |
| Еңбек,экономикалық және экологиялық тәрбие | 4 |

| | |
|---|---|
| Интеллектуалды тәрбие,аөпараттық мәдениетті тәрбиелеу. | 4 |
| Көпмәдениеттік және көркем –эстетикалық тәрбие | 4 |
| Дене тәрбиесі,салауатты өмір салты. | 5 |

Әр аптаның дүйсенбісі күні тәрбие сағаты жүргізіледі. Жоспар бойынша тақырыптық тәрбие сағаттары уақытылы жүргізіліп отырды. Класс белсенділері сайланды. Қарапайым сабақтармен қоса мектептегі тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес ашық тәрбие сағаттары жүргізіліп отырды. Әр тәрбие сағаты кезінде оқушылар тақырыптық мағлұматтар мен қоса өз бойларында адамгершілік,сыпайылық,жауапкершілік,белсенділік,әдептілік тағы да басқа жақсы қасиеттер болу керектігін меңгерді.




1- Қыркүйек білім күні мектепте өткізілген салтанатты шараға 1- сынып оқушылары түгел қатысып, білімнің бастауы әліппе кітабын мектеп директорының қолынан алды.
Сонымен қатар «Анвар» дүкенінің басшысы Салфиковтан іші оқу – құралдармен толтырылған мектеп сумкасын алды.



25- қазан Республика күніне ашық тәрбие сағаты өткізілді. Оқушылар тәрбие сағатының мақсатымен танысты. Қазақстан Респуликасы туралы мәліметпен танысты. Қазақстандағы бой көтерген ғимараттар туралы білді. Ұлттық салт-дәстүр,еліміздің мәдениеті туралы меңгерді.Ұлттық мұрамызды құрметтеу,қадірлеу керектігін білді. Өз бойларына патриоттық тәрбиені енгізу керектігін ескерді.




16- желтоқсан тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіздік -тұғырым» тақырыбында ашық тәрбие сағаты болды. Тәуелсіздік сөзінің мағынасын меңгерді. Тәуелсіздік қаншама қиындықпен келгенін білді. Тәуелсіздік жолында құрбан болған аға-апаларымызды естен шығармай,оларды қадірлеу,құрметтеу керектігі ескертілді.

Мектепте бастауыш сыныптар арасында өткізілген «Қош келдің,Жаңа жыл» мерекелік шараға қатысты. Өз өнерлерін көрсете отырып,аяз атадан түрлі сыйлықтар алды.





«Сәлем-сөздің анасы»атты тәрбие сағатында оқушылар тақырып туралы толық түсінік алды. Әр елдің амандасуы туралы білді. Сонымен қатар « Мақал - жалғасын тап!» бөлімінде суреттегі заттардан мақалдар құрау арқылы өз белсенділіктерін көрсетті.




1-наурыз алғыс айту күніне орай ашық тәрбие сағатына өткізілді. **Мақсаты:** Алғыс айту сөзінің мағынасын меңгерту;. Бейнебаян арқылы оқушылар толық мағлұматтар алды.





14-наурыз «Әз,Наурыз » тақырыбында ашық тәрбие сағаты жүргізілді. Оқушылар ұлттық құндылықтар туралы меңгерді. Ұлттық ойындар, салт-дәстүрлер туралы білді.

1- Мамыр күніне оры ашық тәрбие сағаты жүргізілді. **Мақсаты:** Мерекенің мән-мағынасын меңгерту; Оқушылар толық мағлұматтар алды. Не себепті достық мерекесі деп аталғанын білді. Әр ұлттың тарихы мен салт-дәстүрлері,сәлемдесуі, тағамдары туралы бейнебаян көрсетілді.





Аналар мерекесіне орай ұйымдастырылған іс-шара



2022-2023 оқу жылында Көсембай негізгі мектебінің аға тәлімгері С.Қ. Тәждауов көптеген іс-шаралар ұйымдастырады. Мерекелік іс-шаралар кезінде 1- сынып оқушылары әдеби –музыкалық монтаждарға,көркем сөз оқу сайысына ,суреттер байқауына үнемі белсенділікпен қатысады.






Музыка пәні мұғалімі Қ.Ұ.Имағамбетоа бастауыш сынып оқушылары арасында « Әнші балапан» байқауын өткізді. Бастауыш сыныптан қатыфсқан оқушылар өз өнерлерін көрсетті. Жүйрік болған оқушыларды әділ-қазылар айқындап, кеш соңында марапаттады. «Әнші балапан» байқауында 1- сынып оқушысы Н. Қайыржан 2- орынға ие болды. Мақтау қағазымен және заттай сыйлықтар ұсынылды.

Қ.Ұ.Имағамбетовтың ұйымдастыруымен 1- сынып оқушылары қарттар күнінде,ұстаздар күнінде, аналар мерекесінде,мектепте өткізілген семинарлар,іс-шараларда тақырыпқа сай әндер айтып жүр.

Мектеп психологы Р.К. Шутенованың ұйымдастыруымен 1- класс оқушыларының мектепке бейімделуі жүргізілді. Әр оқушыға әртүрлі тапсырмалар беру арқылы оқушылардың даму деңгейлерін,ортаға бейімделуі бойынша жұмыстар жүргізілді.



Желтоқсан күні « Білім беру ұйымдарында түзету-дамыту бағытындағы жұмыстарды тиімді пайдалану» тақырыбында психологтардың аудандық семинары ұйымдастырылды. Осы семинар кезінде бастауыш сынып оқушыларымен қолдың моторикасына

байланысты көптеген ойын жаттығулар жүргізді. Сол жұмыста 1- класс оқушыларыда өздеріне берілген тапсырмаларды мұқият орындап, жақсы нәтиже көрсетті.



1- Сынып оқушылары Қазақстан халқы ертегілер кітабын сынып жетекшісі мен бірге оқып,ондағы барлық ертегілермен танысты. Шара барысы суреттердің алдынғы әріптерінен сөз құрастыру арқылы бүгінгі жұмыстың тақырыбын айқындады. Қазақстанда тұратын бауырлас халқымыздың өзбек,орыс халық ертегілерінен қойылымдар қойылды.Ертегілерді атрибуттар арқылы әңгімелеп берді. Сонымен қоса оқыған ертегілерінен көрме ұйымдастырды. Бұл шара «Кел, бірге оқиық!» оқуға құштар мектеп жобасы аясында жүргізілді. Мектеп кітапханашысы Б.С. Қалиева жыл қорытындысы есебінде осы шараға қатысып белсенділік көрсеткені үшін 1- сынып оқушыларын және сынып жетекшісін мектеп әкімшілігінің алғыс хатымен марапаттады.

2022-2023 оқу жылы бойынша 1 сынып оқушыларының ата-аналарымен



жұмыс жоспары,отырыс жоспарлары жасалды. Жыл бойынша 5 отырыс өткізілді. Әр отырысқа тақырыптар қойылып, әртүрлі формада жүргізілді. Әр жұмыс кезінде бала тәрбиесі туралы тақырыпқа байланысты деректер беріліп отырды. 1 сынып оқушыларының ата-аналары жиналыстарға, мектепішілік шараларға үнемі қатысып белсенділік танытып отырады.



2022-2023 оқу жылы бойынша жоспарланған барлық іс-шаралар уақытылы жүргізілді. Әріпті жаңа танып жатырсада, мектептегі әр түрлі шараларға 1- сынып оқушылары белсенділікпен қатысты. Ата-аналарда үнемі жауапкешілік танытып отырды. Қосымша білім беру ұйымдарындағы мамандармен де тақырыптық жұмыстар тиімді ұйымдастырылды. Биыл 1- сынып оқушылары үйірме жұмыстарға тартылмағандықтан келесі 2023-2024 оқу жылында қамтылса деп есептеймін.